


# PLITONIT

КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



## PLITONIT COLORIT FAST CLINKER СМЕСЬ ҚҰРҒАҚ ТІГІСТЕРГЕ АРНАЛҒАН PLITONIT Colorit Fast Clinker (ПЛИТОНИТ Колорит Фаст Клинкер)



Colorit Fast Clinker

Қаптау кірпішінен, клинкер және басқа тақташа түрлерінен 30 мм-ге дейінгі жіктерге арналған

Оңуға қарсы Қолға жұмсақ\*

1зат 2 заттай– ысқылама және жік ерітіндісі  
Ақ дақтардың түзілуінен қорғау  
Жоғарылатылған аязға төзімділік F 150  
Жоғарылатылған тігіс беріктігі  $\geq 20$  МПа

### Қолданылу саласы:

Түсті жіктерге арналған қоспа ішкі және сыртқы жұмыстарға арналған қаптама кірпіштердің, клинкер тақталарының, қаптама керамикалық тақталардың немесе қаптама тастардың арасындағы жіктерді толтыруға арналған. Ол тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды, соның ішінде оқу-тәрбие орындарын, балалар, мектепке дейінгі, мектеп және емдеу мекемелерін (соның ішінде емдеу-профилактикалық және санаторлы-курорттық мекемелерін) салу мен жөндеуде, аз қабатты тұрғын үй құрылысында қолданылады.

### Қолдану бойынша ұсыныстар

Ұсынылатын жіктің қалыңдығы 6-дан 30 мм-ге дейін. Ұсынылатын негіздер: керамикалық, силикат және клинкермен қапталған кірпіш, табиғи және жасанды тас, клинкер тақташасы, керамикалық тақталар. Оны «ылғалды жер» консистенциясында өшекейлеу (шеку) арқылы немесе әшекейлеуге арналған шламование әдісін қолдана отырып, арнайы пистолетпен немесе қапшықпен қабаттап жағуға болады.

Бірінші әдіс қаптау кірпіштерімен, фактуралық клинкер тақташаларымен және т.с.с. жұмыс істеу үшін, екіншісі тегіс беті бар тақташалар үшін ұсынылады. Жаңа құрылыс үшін де, кірпіш жіктерін жаңарту үшін де қолайлы. Қоспа ғимараттардың қасбеттерін қаптауға арналған элемент ретінде, PLITONIT Clinker Fix клинкер тақташаларына желіммен бір жүйеде қолданылады.

Жұмыстың жоғары жылдамдығы, тазалаудың және жіктің қалыптасу оңайлығы. Құрамындағы арнайы гидрофобты қосымшалар ақ дақтардың пайда болуына жол бермейді. Жіктің жоғары беріктік қасиеттері және аязға төзімділігі қасбет жұмысының жағдайларында берік, сенімді шешім береді. Қаптама - 25 кг.

### **Пиктограммалар/Техникалық сипаттамалары**

- Сыртқы және ішкі жұмыстар үшін
- Тігіс 6-30 мм
- 12 сағаттан кейін үстімен жүруге болады
- 24 сағат өтпегенше су тигізуге болмайды
- Қоспаның өміршеңдігі 2 сағата
- Араластыру 3 минут
- Аязға төзімділігі бойынша маркасы F150
- Қысудағы беріктік  $\geq 20$  Мпа
- Қолданыс температурасы  $+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін
- Пайдалану температурасы  $50^{\circ}\text{C}$ -тан  $+70^{\circ}\text{C}$ -қа дейін
- Жарамдылық мерзімі 12 ай.

**Түс гаммасы:** 11 түс

### **Материалды тұтыну шығысы\***

Пистолетпен жаққанда  $240 \times 71 \times 10$  мм клинкер тақташасы үшін  $\approx 2,5$  кг/м<sup>2</sup>

«дымқыл жер» консистенциясында жаққанда  $240 \times 71 \times 10$  мм клинкер тақташасы үшін  $\approx 3,7$  кг/м<sup>2</sup>

\*Құрылыс басында құрғақ қоспаның іс жүзіндегі шығынын дәл анықтау үшін жіктің сынамалы толтыруын жасау.

### **Жұмысты жүргізу шарттары**

Жұмыстарды орындау кезінде және келесі 3 күнде ауаның, негіздің және қаптау материалының температурасы  $+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болуы керек. Жұмыс кезінде ерітінді қоспасының температурасы  $+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болуы керек. Пайдалану температурасы  $+70^{\circ}\text{C}$  дейін. Қоспа сонымен қатар сыртқы жұмыстар үшін де арналған. Жұмыстардың осындай түрін орындау кезінде тігістің беті атмосфералық жауын-шашыннан жұмыстарды атқару кезінде және кейінгі 24 сағаттың ішінде қорғалуы керек.

## Негізді дайындау

Жіктердің астына арналған негізді кірден және шаңнан тазалаңыз, қабыршақтанған бөлшектерді кетіріңіз. Жік тереңдігі тақташа қалыңдығының кем дегенде жартысынан аз болмауы керек. Жіктердің қалыптастыруын, ысқылауын желімдік ерітінді қоспасының өндірушісімен белгілеген мерзімде жасаңыз.

## Ерітінді қоспасын дайындау

Құрғақ қоспаны араластыру үшін ауыз су құбырынан суды пайдалану керек. Араластыру кезіндегі қатынас:

Түстер	«Дымқыл жер» консистенциядағы зачеканкамен жағу 1 кг құрғақ қоспаға/қапқа 25 кг	Пистолетпен немесе жіктерді ысқылауға арналған пакетпен жағу 1 кг құрғақ қоспаға/қапқа 25 кг
Ақ, беж, ақшыл қоңыр, сары	0,14-0,16 л су/3,5 -4,0 л су	0,24 0,27 л су/6,0 -6,75 л су
Сұр, қара-сұр, графит, қара, қоңыр, шоколад, кірпіш	0,10-0,12 л су/2,5 3,0 л су	0,17-0,20 л су/4,25 -5,0 л су

Құрғақ қоспаны бөлме суының алдын ала өлшенген мөлшеріне құйыңыз, бөлме температурасында электр араластырғышты немесе саптамасы бар электр бұрғыны пайдаланып (айналу жылдамдығы 600 айн/мин дейін болу керек) 2-3 минут бойы біртекті консистенцияға дейін араластырыңыз. Ерітінді қоспасын 5 минутқа қалдырыңыз және қайтадан араластырыңыз. Қайта араластырған кезде жоғарыда көрсетілген қатынастың максималды мәніне дейін суды қосуға рұқсат етіледі. Дайын ерітінді қоспасын пайдалану уақыты 2 сағаттан аспайды (азынақ жел мен жоғары температура бұл уақытты азайтады).

## Жұмыс тәртібі

*«Дымқыл жер» консистенцияда әшекейлеумен (шөкумен) қабаттап жағу кезінде:*

Жік ерітіндісі «жаңадан жаңаға» әдісімен екі қабатта жағылады және әшекейлеу арқылы қысыммен тегістеледі. Біркелкілік, жағу және өңдеудің біртектілігі жіктердің түсінің кейінгі біркелкі болуының кепілі болып табылады. Жұмыстағы үзілістер кезінде қаланған кірпіш жабылуы керек.

*Пистолетпен немесе шламование әдісін қолданып жіктерді пакетпен жағу кезінде:*

Жіктердің толығымен толтырылғанға дейін арнайы пистолетпен немесе пакетпен жүзеге асырылады. Ерітінді «шламование» әдісімен жағылады немесе пистолеттің шприцінен тікелей тақташааралық жіктерге сығылады. Біркелкілік, жағу және өңдеудің біртектілігі жіктердің түсінің кейінгі біркелкі болуының кепілі болып табылады. Жіктерді әрқашан ерітіндінің бірдей қату дәрежесінде тегістеу керек. Жіктердің беті қатқаннан кейін бірден тақташаларды тазалау керек. Жіктердің қатуы сипалау арқылы тексеріледі («бас бармақпен» сынау). Тақташалардың бетін жіктерге диагональ бойынша жөке мен үккішті пайдаланып тазалаңыз. Бұл жағдайда ерітіндінің жіктерден жууға жол бермеңіз.

Егер ерітінді шайылып кетсе, бұл ерітіндінің қатаюының қажетті кезеңіне әлі жетпегенін білдіреді. Тазалау үшін қолданылатын суды мерзімді түрде ауыстыру керек. Тақташаның беті толығымен таза болғанша ерітіндінің қалдықтарын шайыңыз. Қаптау материалының бетін ерітінді қалдықтарынан соңғы тазалау құрғақ жұмсақ шүберекпен жүзеге асырылады.

## **Назар аударыңыз**

Жұмыстарды орындау кезінде сіз жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу нұсқауларын және құрылыстағы қауіпсіздік шараларын басшылыққа алуыңыз керек. Ысқыламаны сатып алған кезде партия нөміріне назар аударыңыз, себебі түс реңкі партиядан партияға өзгеруі мүмкін. Түс реңкі мен біркелкілігіне келесі себептер әсер етуі мүмкін: тақташаларды ең басында құрғақ тәсілмен тақташаларды тазалау; төмен ылғалдылық және жоғары температура; күн сәулесінің тікелей түсуі және өтпе жел; жік тереңдіктерінің түрлі болуы; араластыруда судың артық дозалануы және оның сапасы; негіздегі артық ылғалдылық; тақташалардың бүйір шеттерінің түрлі сіңіргіштігі; біркелкі араластырылмаған қоспа. Тігістерді жағу алдында тақтайшалардан ысқылама қоспасының қаншалықты жақсы жуылатынын тексеру үшін зерленбеген және кедір-бұдырлы тақтайшалар арасындағы тігістерді сынамалы түрде толтыру керек. Жұмыстар өндірісінің барысында қоспаны мезгіл-мезгіл араластыру ұсынылады. Дайын қоспаға қосымша суды қосуға тыйым салынады. Тот басқан құралды қолдануға рұқсат етілмейді. Ерітіндінің қызмет ету мерзімі судың температурасына, құрғақ қоспаның температурасына және қоршаған орта температурасына байланысты өзгеруі мүмкін. Ауа температурасы +20 °C-тан +30 °C-қа дейінгі диапазонда болса, жұмысты бастамас бұрын жіктерді қосымша ылғалдандыру керек.

## **САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

Қоспа ГОСТ 12.1.007 бойынша 4 қауіптілік класына (қауіптілігі төмен заттар) жатады. Жұмысты орындау кезінде қолғапты, қорғаныс көзілдірігін және тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын пайдаланыңыз. Қоспаны теріге және көзге тигізбеңіз. Көзге тиген жағдайда дереу көп мөлшерде сумен шайыңыз. **БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАҢЫЗ!**

**Құрамы** Құм, портландцемент, минералды толтырғыш, түрлендіруші қосымшалар

## **Тасымалдау және сақтау шарттары**

Жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көліктерде тасымалдаған жөн. Ылғалданудан сақтайтын және орамның сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жабық, құрғақ бөлмелерде сақтаңыз

## **Өндірушінің кепілдігі**

Өндіруші тұтынушының тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын сақтаған кезде қоспаның техникалық шарттар талаптарына сәйкес келетініне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес. ГОСТ Р 8.579-2019 сәйкес нетто массасынан ауытқу.

Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі ( $A_{eff} < 370$  Бк/кг, NRB-99/2009 SanPiN 2.6.1.2523–09 сәйкес).

ТУ 23.64.10-229-51552155-2022 бойынша өндірілген  
СТР белгісі

\* Мәскеу қ. Гигиена және эпидемиология орталығының Сараптамалық қорытындысы негізінде қоспа тері-резорбтивтік пен сенсбилизациялау әсері жоқ. Бір реттік қолданыс кезіндегі тері қабаттарына тітіркендіретін әсері болмайды, қайта қолданғанда – әлсіз әсер етеді. Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану осы нұсқаулықтың **САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ** блогына сәйкес қарастырылған.

